

Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 931 қаулысы

Төтенше жағдайлардың туындауының алдын алу және 2003-2004 жылдардың қысқы жағдайларында жұмыс істеуі үшін Семей қаласының коммуналдық шаруашылығының уақтылы дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шығыс Қазақстан облысының әкіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің қасалық алшақтықты жабуға төмен тұрған бюджеттерге кредит беруге арналған арнайы резервінен отын сатып алуға және Семей қаласының коммуналдық меншігіндегі жылу көздерінің, жылу трассалары мен желілерінің апатты жағдайына және оларды жөндеуге байланысты жұмыстарды орындауға заңнамада белгіленген тәртіппен сыйақы ставкасын есептей отырып, 296 000 000 (екі жүз тоқсан алты миллион) теңге мөлшерінде қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Шығыс Қазақстан облысының әкімімен кредит к е л і с і м і н ж а с а с у д ы ;

2) бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі